«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ МАҢҒЫСТАУ
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, № 100 ғимарат
тел./факс:8 (7292) 31-90-92, 31-91-48

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, г.Актау, 23 микрорайон, дом №100,
тел./факс: 8 (7292) 31-90-92, 31-91-48

02-09/1731
27.07.2018ж

«ABACom» ЖШС-гі
Маңғыстау облысы, Ақтау қ, 31Б ш/а. 16 үй 64 пәтер
87785552581

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті Сіздің 2018 жылдың 17 шілдедегі №002 санды шағымыңызды қарастырып келесіні хабарлайды.

"Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі «Қарақия ауданы, Болашақ стансасындағы бес 2- пәтерлік коммуналдық тұрғын үй құрылысы ЖСҚ байластыру. 2-кезек. Сыртқы желілер және қосалқы имараттар» жұмыстарын сатып алу» жұмыстарын сатып алу № 2654719-1санды өткізілген мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде, Сіздің шағымыңызда көрсетілген мәселелер өз дәлелін тапқан жоқ.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының 155-тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Сонымен қатар, Конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасында көрсетілген ескертпелерге сәйкес, егер конкурстың нысанасы жаңа құрылыс болып табылса

06.03.2018 ЖСДПО (версия 7.18.4)

жаңа объектілер құрылысының жұмыс тәжірибесі ғана ескеріледі және құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесі құрылыс объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиесілілігіне (құрылыс түрлері бойынша бұдан бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе сәйкестігі) және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған олардың техникалық күрделілігіне сүйене отырып есептеледі.

Аталғанды ескере, «ABACom» ЖШС-нің конкурстық өтінімдерінде көрсетілген жұмыс тәжірибесі үшін шартты жеңілдік 0,5 % құрайды.

Алайда, конкурстық өтінімінде көрсетілген жұмыс тәжірбиесі бойынша «Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ деректері бойынша «ABACom» ЖШС конкурстық өтінімде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталған.

Департамент тарапынан тиісті шаралар қолдануға негіздер анықталмады.

Егер, қыбалданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12-бабына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Е.Нурманов

06.03.2018 ЕСЭДО (версия 7.18.4)